Тендерлік құжаттама және кепілдік жарнаны енгізу шарттары.

Тендерлік құжаттамада мыналар болуы керек:

1) тендерді ұйымдастырушы және өткізілетін тендер туралы мәліметтер:

а) тендерді ұйымдастырушының толық атауы;

б) пошталық және электрондық мекенжайы, байланыс деректері;

в) кепілді жарналарды енгізу шарттары мен алушының банктік деректемелері;

2) қатысушылардың конкурстық өтінімінің мазмұны мен ресімделуіне және онымен бірге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар;

3) тендерге қатысу үшін кепілдік жарналарды енгізу тәртібін;

4) тендер өткізудің шарттары мен тәртібі;

5) тендер нәтижелерін ресімдеу тәртібі;

6) мүліктік жалдау шарттарын жасасу тәртібі;

7) жалдау ақысының айлық базалық ставкаларын және баға ұсыныстарын есептеу тәртібі;

8) техникалық ерекшелік, онда мыналар көрсетіледі:

а) тендер объектілері (лоттар);

б) тендерлік объектілердің сипаттамалары, орналасқан жері;

в) мүліктік жалдау мерзімі және мүлікті жалдау ақысының айлық базалық мөлшерлемесінің мөлшері;

г) кепілдік жарнаның мөлшері;

д) әлеуетті жалға алушыға және/немесе мүліктік жалдау кезіндегі әлеуетті жалға алушының қызметіне қойылатын талаптар (біліктілік талаптары);

е) жалға беруші ретінде әрекет ететін тұлға.

Revision #1
Created 12 May 2022 11:10:52 by Меруерт
Updated 12 May 2022 11:18:53 by Меруерт